

Қазақстан Республикасы мен Еуропа Одағы арасында 1993 жылғы 15 қазанда Брюссельде алдын ала қол қойылған және 1999 жылғы 29 қарашада алдын ала қол қойылған Хаттар алмасу нысанындағы келісіммен өзгертілген Еуропа Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Тоқыма бұйымдарының саудасы жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы Хаттар алмасу нысанындағы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 ақпандағы N 122 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Еуропа Одағы арасындағы 1993 жылғы 15 қазанда Брюссельде алдын ала қол қойылған және - 1999 жылғы 29 қарашада алдын ала қол қойылған Хаттар алмасу нысанындағы келісіммен өзгертілген Еуропа Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Тоқыма бұйымдарының саудасы жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы Хаттар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Константин Васильевич Жигаловқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан келіссөздер жүргізуге және Қазақстан Республикасы мен Еуропа Одағы арасында 1993 жылғы 15 қазанда Брюссельде алдын ала қол қойылған және 1999 жылғы 29 қарашада алдын ала қол қойылған Хаттар алмасу нысанындағы келісіммен өзгертілген Еуропа Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Тоқыма бұйымдарының саудасы жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы Хаттар алмасу нысанындағы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы мен Еуропа Одағы арасында 1993 жылғы 15 қазанда Брюссельде алдын ала қол қойылған және 1999 жылғы 29 қарашада алдын ала қол қойылған Хаттар алмасу нысанындағы келісіммен өзгертілген Еуропа Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Тоқыма бұйымдарының саудасы жөніндегі келісімге

өзгерістер енгізу туралы Хаттар алмасу нысанындағы келісім

А. Еуропа Одағы Кеңесінің хаты

Құрметті мырза,

1. Осы 1999 жылғы 29 қарашада алдын ала қол қойылған Хаттар алмасу нысанындағы келісімге (бұдан әрі - "Келісім") соңғы өзгерістерге сәйкес 1993 жылғы 15 қазанда алдын ала қол қойылған Еуропа Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Тоқыма бұйымдары саудасы жөніндегі келісімге сілтеме жасау құрметіне ие болып отырмын.

2. Келісімнің қолданылу мерзімі 2003 жылғы 31 желтоқсанда аяқталуына байланысты, сондай-ақ Келісімнің 20 (4)-бабына сәйкес Еуропа Қоғамдастығы мынадай өзгерістер мен шарттарды ескере отырып, осы Келісімнің қолданылу мерзімін бұдан әрі бір жыл мерзімге ұзартуды ұсынады:

2.1. Келісімнің 1-бабына жататын өнімдер баяндалған 1-қосымша осы хатқа 1-қосымшамен а у ы с т ы р ы л д ы .

2.2. Келісімнің 20-бабының 1-параграфының екінші және үшінші сөйлемдері м ы н а л а р м е н а у ы с т ы р ы л а д ы :

"Осы Келісім 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады".

2.3. 1, 3, 4, 5, 6, 7 және 8 санатындағы тоқыма бұйымдары Келісімнің 2 (3)-бабына сәйкес қосарлы бақылау жүйесінен алынып тасталды және А хаттамасында айқындалған. Егер ағымдағы жылы тоқымалардың осы санатындағы өнімнің импорт деңгейі Келісімнің 5 (2)-бабында көрсетілген нормалардан асып кетсе, қосарлы бақылау жүйесі өздігінен көрсетілген санаттарға қатысты қайта енгізілетін болады.

3. Осы Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға мүше болатынына не болмайтынына қарамастан, 2 (2)-ден 2 (5) аралығындағы, 3, 6, 7, 8, 9, 11-ден 19 аралығындағы баптардың, А хаттамасының, В хаттамасының, С хаттамасының, N 1 хаттаманың, N 2 хаттаманың N 3 хаттаманың ережелері ДСҰ-ның Тоқыма бұйымдары мен киім жөніндегі келісімнің 2(17)-бабының маңызы шеңберінде әкімшілік келісімдер ретінде қолданылуы тиіс.

4. Егер Сіз жоғарыда аталған ұсыныстарды Сіздің Үкіметіңіздің қабылдағанын растай алсаңыз ризашылығымды білдірген болар едім. Осы хат қосымшасымен және Сіздің қабылдау туралы хатыңызбен бірге Тараптар қажетті құқықтық рәсімдердің аяқталғаны туралы бір-бірін хабардар еткен күннен кейін айдың бірінші күні күшіне енетін Хаттар алмасу нысанындағы келісімді құрайтын болады. Оған дейін ол өзара алмасу шартымен қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады.

Сізге деген терең құрмет сезімімді қабыл алыңыз.

Еуропа Одағы Кеңесі үшін

В. Қазақстан Республикасы Үкіметінің хаты

Құрметті мырза,

Сіздің хатыңызды алғандығым туралы хабарлау құрметіне ие болып отырмын.

"Құрметті мырза,

1. Осы 1999 жылғы 29 қарашада алдын ала қол қойылған Хаттар алмасу нысанындағы келісімге (бұдан әрі - "Келісім") соңғы өзгерістерге сәйкес 1993 жылғы 15 қазанда алдын ала қол қойылған Еуропа Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Тоқыма бұйымдары саудасы жөніндегі келісімге сілтеме жасау құрметіне ие болып отырмын.

2. Келісімнің қолданылу мерзімі 2003 жылғы 31 желтоқсанда аяқталуына байланысты, сондай-ақ Келісімнің 20 (4)-бабына сәйкес Еуропа Қоғамдастығы мынадай өзгерістер мен шарттарды ескере отырып, осы Келісімнің қолданылу мерзімін бұдан әрі бір жыл мерзімге ұзартуды ұсынады:

2.1. Келісімнің 1-бабына жататын өнімдер баяндалған 1-қосымша осы хатқа 1-қосымшамен а у ы с т ы р ы л д ы .

2.2. Келісімнің 20-бабының 1-параграфының екінші және үшінші сөйлемдері м ы н а л а р м е н а у ы с т ы р ы л а д ы :

"Осы Келісім 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады".

2.3. 1, 3, 4, 5, 6, 7 және 8 санатындағы тоқыма бұйымдары Келісімнің 2 (3)-бабына сәйкес қосарлы бақылау жүйесінен алынып тасталды және А хаттамасында айқындалған. Егер ағымдағы жылы тоқымалардың осы санатындағы өнімнің импорт деңгейі Келісімнің 5 (2)-бабында көрсетілген нормалардан асып кетсе, қосарлы бақылау жүйесі өздігінен көрсетілген санаттарға қатысты қайта енгізілетін болады.

3. Осы Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға мүше болатынына не болмайтынына қарамастан, 2 (2)-ден 2 (5) аралығындағы, 3, 6, 7, 8, 9, 11-ден 19 аралығындағы баптардың, А хаттамасының, В хаттамасының, С хаттамасының, N 1 хаттаманың, N 2 хаттаманың, N 3 хаттаманың ережелері ДСҰ-ның Тоқыма бұйымдары мен киім жөніндегі келісімнің 2 (17)-бабының маңызы шеңберінде әкімшілік келісімдер ретінде қолданылуы тиіс.

4. Егер Сіз жоғарыда аталған ұсыныстарды Сіздің Үкіметіңіздің қабылдағанын растай алсаңыз ризашылығымды білдірген болар едім. Осы хат қосымшасымен және Сіздің қабылдау туралы хатыңызбен бірге Тараптар қажетті құқықтық рәсімдердің аяқталғаны туралы бір-бірін хабардар еткен күннен кейін айдың бірінші күні күшіне енетін Хаттар алмасу нысанындағы келісімді құрайтын болады. Оған дейін ол өзара алмасу шартымен қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады.

Сізге деген терең құрмет сезімімді қабыл алыңыз".

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы хаттың мазмұнымен келісетіндігін растау құрметіне ие болып отырмын.

Менің Сізге деген терең құрметіме сенуіңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК